

Қазақстан  
Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің 2017 жылғы  
21 сәуірдегі  
№ 197 бұйрығына 1-  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігінің «Трансфизиология ғылыми-өндірістік  
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі  
туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындағы байқау кеңесінің (бұдан әрі - Байқау кеңесі) қызметі мен мәртебесін регламенттейді.

2. Байқау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысын, осы Ережені және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорын) байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ және бір-бірімен және мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және таныстық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан тұрады. Байқау кеңесінің мүшелері басшыны қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

4. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның өкілдері, мемлекеттік кәсіпорынның басшысы және конкурстық негізде сайланатын адамдар кіреді.

Байқау кеңесінің құрамы төрағадан, төрағаның орынбасарынан, мүшелерден және хатшыдан тұрады.

5. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін

конкурстық іріктеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

6. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

7. Мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысында басқасы көзделмеген болса, Байқау кеңесінің құрамына сайланған адамдар бірнеше мәрте қайта сайлана алады.

8. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбаша хабарламасы негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

9. Байқау кеңесінің төрағасы, төрағасының орынбасары байқау кеңесі мүшелерінің арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

10. Байқау кеңесі кез келген уақытта төрағаны, төрағаның орынбасарын қайта сайлауға құқылы.

11. Байқау кеңесінің орынбасары:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және байқау кеңесінің шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады;

2) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

4) Байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

5) Байқау кеңесінің ұстанымын білдіреді және уәкілетті органға байқау кеңесінің қызметі туралы, мемлекеттік кәсіпорынның жалпы жай-күйі және мемлекеттік кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізу үшін қабылданған шаралар туралы есеп береді;

б) қолданыстағы заңнамада және байқау кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Байқау кеңесінің мүшесі:

1) отырыстарға қатысады;

2) өз функцияларын орындау үшін қажетті мемлекеттік кәсіпорынның қызметі туралы толық және анық ақпарат алады. Мемлекеттік кәсіпорынның құжаттарымен танысады, олардың көшірмелерін алады;

3) мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырады;

4) мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің шешіміне жазбаша нысанда ескертулер береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

13. Байқау кеңесінің хатшысы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

14. Байқау кеңесінің хатшысы:

- 1) Бақылау кеңесіне есеп береді;
- 2) Байқау кеңесі мүшелерінің тізілімін жүргізеді;
- 3) Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің мүшелерін байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарын өткізу туралы хабардар етеді;
- 4) Байқау кеңесінің төрағасын, төрағасының орынбасарын және мүшелерін байқау кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындағаны үшін маңызы бар қажетті ақпаратпен және құжаттамамен қамтамасыз етеді;
- 5) Байқау кеңесіне жолданған хат-хабарларды есепке алуды жүзеге асырады және тиісті жауаптар дайындауды ұйымдастырады;
- 6) Байқау кеңесі мен байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды ресімдейді және оларды төрағаның орынбасарына, байқау кеңесінің мүшелеріне және мемлекеттік кәсіпорынның басқару органдарының басқа да лауазымды адамдарына ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 7) Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;
- 8) Байқау кеңесінің барлық мүшелерін сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы хабардар етеді;
- 9) Байқау кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақтылы беру үшін қажетті шараларды қабылдайды;
- 10) Байқау кеңесінің қызметін есепке алуды жасайды.

15. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметінің тиімділігін айқындау мақсатында жыл сайын заңнамаға сәйкес байқау кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізіледі.

16. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешімді байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

17. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысына және мемлекеттік қызметші болып табылатын байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

18. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешімді байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

19. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысына және мемлекеттік қызметші болып табылатын байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

20. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы мемлекеттік кәсіпорынның бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижесі болған кезде төленеді.

21. Байқау кеңесінің мүшелеріне мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс жерде байқау кеңесінің отырыстары өткізілген жағдайларда «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысымен регламенттелген тәртіппен және шарттарда жол жүру құжаттарының құны, тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар, тәуліктік төлемақылар өтеледі.

22. Аталған шығыстар мемлекеттік кәсіпорынға осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген растайтын құжаттарды ұсынған кезде Байқау кеңесінің мүшелеріне төленеді.

## **2. Байқау кеңесінің өкілеттілігі**

23. Байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қорытындысын береді;

2) даму жоспарыны орындау туралы есептің жобасын келіседі, мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бастамашыл аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды;

5) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражатты нысаналы пайдалануды бақылау үшін мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

6) мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

7) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қызметкерлерге, мемлекеттік кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық айлықақыларға үстемеақылар, қосымша қаржы көздерінен сыйлықақылар мен материалдық көмек көрсету бөлігіндегі шешімдерді қабылдайды;

8) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

9) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

10) мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды пысықтайды;

11) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

13) осы Ережеде көзделген, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімімен байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысының, байқау кеңесі төрағасының бастамасы бойынша байқау кеңесінің шешіміне шығарылған өзге де мәселелер.

24. Байқау кеңесі мүшелерінің талабы бойынша мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат береді.

25. Ақпарат беру туралы өтініш мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы мемлекеттік кәсіпорынның басшысына ұсынылады. Жазбаша хабарламада талап етілетін ақпаратқа немесе талап етілетін құжаттарға сілтеме болу керек.

26. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сұратылып отырған ақпарат құпия болмаған жағдайда байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай бойынша сұратылған құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

27. Байқау кеңесінің мүшелері мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органын бұл туралы бес жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ете отырып, құпия сипаттағы ақпаратпен мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан жерінде танысуға құқылы.

Қазақстан  
Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің 2017 жылғы  
21 сәуірдегі  
№ 197 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің  
отырыстарын шақыру және өткізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Байқау кеңесінің кезекті, кезектен тыс отырыстары өткізіледі.

3. Байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

4. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырыстары қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылдау байқау кеңесінің құзыретіне жататын жағдайларда, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорынның мүдделігі бойынша талап етілген жағдайларда шақырылады.

5. Байқау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасы бойынша немесе мына адамдардың талабымен шақырылады:

1) уәкілетті орган;

2) мемлекеттік кәсіпорынның басшысы;

3) Байқау кеңесінің мүшесі.

6. Байқау кеңесін шақыру талабында мыналар болу керек:

1) отырысты өткізу бастамашысын көрсету (бастамашының тегі, аты, әкесінің аты немесе талап қойған органның немесе заңды тұлғаның атауы);

2) отырысты өткізу нысаны (күндізгі отырыс немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) отырысты өткізу күні немесе сырттай дауыс беру өткізілген жағдайда сырттай дауыс берудің қол қойылған бюллетеньдерін қабылдаудың соңғы күні;

4) қойылған талапқа жауап жіберілетін мекенжай;

5) Байқау кеңесінің отырысын шақырудың себептері немесе байқау кеңесінің отырысына шығарылатын мәселелер.

7. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне кең мағынадағы «әртүрлі», «өзге», «басқасы» және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, мәселелерді енгізуге тыйым салынады.

8. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа қойылған мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажет күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен ақпарат қоса беріледі.

9. Байқау кеңесінде дауыс беру кезінде кеңестің әр мүшесінің бір дауысы болады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруге жол берілмейді.

10. Байқау кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

11. Байқау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысатын байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауспен қабылданады. Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Байқау кеңесінің шешімдерін байқау кеңесінің хатшысы жазбаша нысанда ресімдейді және оған байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

13. Шешім қабылдау кезінде байқау кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдау кезінде жеке мүдделерін көздеуге, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

14. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Байқау кеңесінің төрағасына мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарлама тапсырыс хат, факс немесе электрондық пошта арқылы жіберіледі.

15. Байқау кеңесінің отырысын Байқау кеңесінің төрағасы оны шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірмей шақырады.

16. Байқау кеңесінің төрағасы ынадай жағдайларды қоспағанда, Байқау кеңесінің отырысын шақырудан бас тарта алмайды:

- 1) тырысты шақыру бастамашысының мұндай талап қоюға құқығы жоқ;
- 2) байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелердің біреуі де оның құзыретіне жатпайды.

17. Байқау кеңесінің отырысына дайындалуды байқау кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

18. Байқау кеңесінің отырысын өткізуге дайындық кезінде мынадай іс-қимылдар орындалады:

- 1) отырыстың күн тәртібін қалыптастыру;
- 2) Байқау кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарлама жіберу;
- 3) Байқау кеңесінің мүшелеріне берілетін ақпаратты (материалдарды) дайындау.

19. Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

20. Хабарлама байқау кеңесінің хатшысы жүргізетін байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар (факс) бойынша тапсырыс хат, жеделхат, телефонограмма, факсимильді және электрондық хабарлама түрінде ресімделеді.

21. Хабарламада мыналар болу керек:

- 1) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер;
- 2) отырыстың күн тәртібі;
- 3) отырысты өткізу нысаны туралы мәлімет (күндізгі отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);
- 4) ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда (күндізгі отырысты өткізу кезінде) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы байқау кеңесі мүшесінің дауыс беру мүмкіндігі туралы түсініктеме беру.

22. Хабарламаға қойылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен ақпарат қоса беріледі.

23. Байқау кеңесінің отырысына ақпаратты (материалдарды) байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің хатшысы дайындайды.

24. Байқау кеңесінің мүшелеріне хабарландырумен ұсынылмайтын ақпаратпен (материалдармен) Байқау кеңесінің мүшелері мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының орналасқан жері бойынша отырыс өткізілетін күнге дейін таныса алады.

25. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша құжаттар мен мәліметтер Байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарланған сәттен бастап мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының үй-жайында еркін танысу үшін ұсынылады.



26. Кейінге қалдыруға жол бермейтін жағдайларда Байқау кеңесінің отырысы телефон арқылы хабарласу және/немесе өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы байқау кеңесінің мүшелеріне жазбаша хабарлаусыз шақырылады.

27. Байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысы күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын оны өткізу күніне дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуге құқылы. Мұндай ұсыныстар Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне шешім қабылдау үшін қажетті барлық қажетті материалдармен, құжаттармен және ақпаратпен бірге ұсынылады.

28. Күн тәртібіне Байқау кеңесінің мүшелері ұсынған мәселелер енгізіледі. Белгілі бір мәселелерді қосудан бас тартуға жол берілмейді. Қандай да бір мәселе Байқау кеңесінің құзыретіне жатпайтын болса, ол қаралмайды және ол бойынша шешім қабылданбайды.

29. Байқау кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта байқау кеңесінің отырысын өткізу мүмкін болмайтын немесе қиындататын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс басқа жерде немесе басқа уақытта өтеді.

30. Байқау кеңесі отырысының орны немесе уақыты өзгергені туралы Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне екі күнтізбелік күн бұрын хабарланады. Отырыс өткізілетін орынның немесе уақыттың өзгергені туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесінің мүшесінің хабарламаны алуға кепілдік беретін кез келген нысанда, оның ішінде корреспонденцияны алған мекенжайы бойынша жіберіледі.

31. Байқау кеңесінің отырысы Байқау кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде жарияланған уақытта ашылады.

32. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Байқау кеңесінің отырысында болмаған Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

33. Жазбаша пікір Байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін байқау кеңесінің төрағасына ұсынылады.

34. Байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар болғанда және отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысқанда, байқау кеңесінің отырысы заңды, ал кворум шарттары сақталған болып табылады.

35. Кворум болмаған жағдайда отырыс бірінші шақырылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта шақырылады.

36. Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне айтылған және отырыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмейтін жағдайды қоспағанда, отырысты бұрын жарияланған уақыттан ерте ашуға болмайды.

37. Байқау кеңесінің отырысын төраға (немесе осы Ережеде көзделген жағдайларда Төрағаның орынбасары) ашады.

38. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылауды Байқау кеңесінің отырысы кворум белгіленгеннен кейін жүзеге асырады.

39. Байқау кеңесінің отырысында өткізілгеннен кейін 5 (бес) күннен кешіктірілмей жасалатын хаттама жүргізіледі. Хаттамаға төраға, хатшы және қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды

40. Байқау кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі, ол өткізілгеннен кейін 5 (бес) күннен кешіктірілмей жасалады. Хаттамаға төраға, хатшы және байқау кеңесінің барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды. Хаттамаға отырыста болмаған мүшелердің жазбаша пікірлері қоса тігіледі.

41. Байқау кеңесінің отырысында қабылданатын Байқау кеңесінің шешімдері Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінде баяндалған белгілі бір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

42. Байқау кеңесі отырысының хаттамасы мыналарды қамтиды:

- 1) мемлекеттік кәсіпорынның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу нысаны (күндізгі немесе сырттай);
- 3) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 4) отырыс кворумының бар болуы туралы ақпарат;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) отырысқа қатысатын Байқау кеңесі мүшелерінің дербес құрамы;
- 7) отырысқа қатысып отырған сөз сөйлеудің негізгі ережелері;
- 8) келіп түскен ұсыныстарды көрсете отырып, есептер мен баяндамаларды, хабарламаларды тыңдау, оларды талқылау тәртібі;
- 9) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 10) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 11) Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

43. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары Байқау кеңесінің отырысы өткізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама немесе Байқау кеңесі отырысы хаттамасының көшірмесін жіберу арқылы мемлекеттік кәсіпорын басшысының және Байқау кеңесінің барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі.

43. Жазбаша хабарлама (хаттаманың көшірмесі) тапсырысты хаттарды, жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильді және электрондық хабарламаларды жолдау арқылы жіберілу мүмкін.

44. Байқау кеңесінің барлық отырыстарының хаттамаларын Байқау кеңесінің хатшысы сақтайды және кез келген уақытта байқау кеңесінің кез келген мүшесіне танысу үшін ұсынылады. Аталған адамдардың талабы бойынша оларға хаттамалардың куәландырылған көшірмелері беріледі.

## **2. Байқау кеңесінің отырысын сырттай өткізу тәртібі**

46. Кейбір мәселелер бойынша Байқау кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

47. Байқау кеңесінің отырысын сырттай дауыс беру нысанында өткізу туралы шешімді қабылдауға байланысты Байқау кеңесінің төрағасы сырттай дауыс беруге шығарылатын мәселелердің тізбесін қалыптастырады, толтырылған бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күнін, сырттай дауыс беру нәтижелерін айқындау күнін белгілейді.

48. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламаны Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тапсырыс хат арқылы жібереді немесе сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жеке беріледі.

49. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламамен бірге бір мезгілде Байқау кеңесінің мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер және қойылған мәселелер бойынша материалдар жіберіледі және/немесе беріледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада Байқау кеңесінің төрағасы айқындаған толтырылған бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні, сондай-ақ сырттай дауыс беру нәтижелерін айқындау күні көрсетіледі.

50. Дауыс беруге арналған бюллетеньде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) мемлекеттік кәсіпорынның атауы (фирмалық атауы) және оның орналасқан жері;
- 2) отырыстың бастамашысы;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау мекенжайы;

5) дауыс беруге қойылған әрбір мәселенің тұжырымдамасын және ол бойынша «Иә», «Қарсы», «Қалыс қалды» деген тұжырымдармен көрсетілген дауыс беру нұсқаларын қамтиды;

6) бюллетеньге Байқау кеңесінің мүшесі қол қоюға тиісті екені көрсетіледі;

7) Байқау кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді жіберетін тәсіл;

8) басқа да мәліметтер.

51. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді байқау кеңесінің мүшелеріне жіберген кезде Байқау кеңесінің төрағасы олардың дұрыс және біркелкі жасалғанын өз қолымен куәландырады.

52. Сырттай дауыс беруге арналған толтырылған және қол қойылған бюллетеньді Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесінің төрағасына бюллетеньдерді түпнұсқада қабылдау мерзімі аяқталған күннен кешіктірілмейтін мерзімде немесе факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы (кейіннен сауалнама парағының түпнұсқасын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген мекенжайға жібере отырып) ұсынылады.

51. Бюллетеньдерін Байқау кеңесінің төрағасы хабарламада көрсетілген бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей алған Байқау кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беруге қатысқан болып есептеледі.

52. Хабарламада көрсетілген мерзім өткеннен кейін байқау кеңесі алған бюллетень дауыстарды санау және сырттай дауыс беру қорытындыларын жүргізу кезінде есепке алынбайды.

53. Сырттай нысанда өткізілетін отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада белгіленген мерзімде Байқау кеңесінің төрағасы алған Байқау кеңесінің мүшелері толтырған және қол қойған бюллетеньдер негізінде шығарылады.

54. Байқау кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған күні сырттай дауыс беру үшін сауалнама парақтарын қабылдау мерзімінің аяқталған күні болып табылады.

55. Байқау кеңесінің төрағасы немесе Байқау кеңесінің сырттай отырысын шақырған адам (адамдар) сауалнама парақтарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін байқау кеңесінің барлық мүшелерінен толтырылған

бюллетеньдер алған жағдайда, сырттай дауыс беру үшін соңғы бюллетеньді алған күн сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған күн болып табылады.

56. Сырттай дауыс беру қорытындылары бойынша бюллетеньдерді қабылдау аяқталған белгіленген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хаттама жасалады. Көрсетілген хаттамаға хаттаманың дұрыс жасалуына жауапты Байқау кеңесінің төрағасы және Байқау кеңесінің хатшысы қол қояды.

57. Байқау кеңесінің мүшелері қабылдаған шешімдер және сырттай дауыс беру қорытындылары Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оларға осы шешімдер қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, көрсетілген хаттаманың көшірмелерін жіберу арқылы жеткізіледі.

58. Байқау кеңесінің сырттай отырыстары айына бір реттен артық өткізілмеу керек.

59. Қойылған мәселе бойынша сырттай отырысты өткізуге айқау кеңесі мүшелерінің құрамының кемінде жартысы қарсылық білдірген жағдайда, Байқау кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс берудің күшін жояды, ал мәселе Байқау кеңесінің жақын күндізгі отырысының күн тәртібіне қойылады.

60. Бұл ретте, хатшы Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне, сондай-ақ дауыс беру бастамашысына сырттай отырыс күшін жойғаны туралы хабарлайды.

61. Шешім қабылдау кезінде Байқау кеңесінің мүшесі мемлекеттік кәсіпорынның мүдделерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

Байқау кеңесінің мүшелері:

- 1) шешім қабылдау кезінде жеке мүддені көздемейді;
- 2) мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 3) мемлекеттік кәсіпорынның бәсекелестік ортасын құру және/немесе коммерциялық мүмкіндіктерін шектеу мақсатында өзінің байқау кеңесіне қатысудың нәтижесінде алынған ақпаратты шешім қабылдамайды және/немесе пайдаланбайды;

4) Байқау кеңесі мүшесінің Байқау кеңесі мүшесінің құзыретіне кіретін іс-әрекеттерді орындағаны үшін мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінен және басқа да адамдардан жеке өзі немесе делдалдық арқылы ақша, сыйлықтар және өзге де материалдық игіліктер түріндегі материалдық сыйақы алмайды;

5) мемлекеттік кәсіпорынның құпия ақпаратын, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты ақпаратты жария етпейді.

63. Байқау кеңесінің мүшелері мемлекеттік кәсіпорынның және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген залалға әкеп соққан зиян үшін жауапты болады.

64. Байқау кеңесі қабылдаған мемлекеттік кәсіпорынның шығынына әкелген шешімге қарсы дауыс бергенде немесе дауыс беруге қатыспаса, Байқау кеңесінің мүшелері жауапкершіліктен босатылады.